

Елді газбен жабдықтаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 тамыз N 1166

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен Жамбыл және Ақмола облыстарының республикалық мемлекеттік меншіктегі жоғары, орта және төмен қысымдағы газ құбырларын "ЕС Қазақстан энергетикалық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансына берсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісім бойынша Алматы қаласындағы, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарындағы жоғары, орта және төмен қысымдағы газ құбырларын республикалық мемлекеттік меншіктің иелігінен шығарудың негізділігін талдасын.

Жеткілікті негіздемелер анықталған жағдайда заңдарда белгіленген тәртіппен оларды кейін "ЕС Қазақстан энергетикалық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансына беру арқылы республикалық мемлекеттік меншікке қайтару жөнiнде шаралар қабылдасын.

3. Мыналардың:

1) "Елдің аймақтарында газбен жабдықтаудың мемлекеттік желісін құру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 1368 Р 971368_ қаулысының;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі

N 1368 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 қазандағы N 1431

Р971431_

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК